

ӘОЖ 82.0:37.016; 82:37.016; МҒТАР 17.01.45

<https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3123.19>Д.Г. ОРЫНБАЕВА¹, Д.А. САТЕМИРОВА¹, Е.С. ТҰРҒЫНОВ²¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

✉ e-mail: diyori_93@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЭКОЛОГИЯ ТАҚЫРЫБЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚИТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Аңдатпа. Бұл мақалада ХХІ ғасыр қазақ әдебиетіндегі экология тақырыбының көрінісі мен оны мектепте оқытудың маңыздылығы жан-жақты қарастырылады. Қазіргі таңда жаһандық жылыну, табиғи ресурстардың сарқылуы, экологиялық апаттар сияқты мәселелер адамзат баласының алдында тұрған ең өзекті проблемалар қатарына жатады. Бұл мәселелерді шешуде жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың маңызы зор.

Әдебиет – тұлғаның рухани дамуына әсер ететін қуатты құрал. Сондықтан қазіргі қазақ әдебиетіндегі экологиялық мазмұндағы шығармаларды мектеп бағдарламасына енгізу арқылы оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, жауапкершілігін арттыру мүмкіндігі жоғары. Мақалада экология тақырыбын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылды. Сонымен қатар қазіргі қазақ ақын-жазушыларының қаламынан шыққан туынды кейіпкерлерінің табиғи апаттардан шеккен зардаптары арқау болған шығармалары мысалға алынды.

Бұл зерттеу әдеби шығармаларды оқыту арқылы экологиялық сананы қалыптастырудың маңыздылығын айқындайды және оқушылардың қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертуге ықпал ететін әдістерді ұсынады. Сонымен қатар, мақалада экологиялық тақырыптағы әдеби шығармалардың мазмұндық ерекшеліктері мен олардың тәрбиелік мәні терең талданды. Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамыту, табиғатқа жанашырлықпен қарау сезімін қалыптастыруда әдебиеттің рөлі ерекше. Бұл бағытта жүргізілген зерттеулер мен практикалық ұсыныстар экологиялық білім берудің сапасын арттыруға септігін тигізеді.

Кілт сөздер: әдебиет, ХХІ ғасыр әдебиеті, әдебиетті оқыту, экология тақырыбы, ғаламдық проблемалар.

Кіріспе

Экология тақырыбы қазіргі уақытта ерекше өзекті болып отыр, себебі қоршаған ортаның ластануы, табиғи ресурстардың сарқылуы және климаттың өзгеруі сияқты мәселелер адамзаттың өмір сүру сапасына тікелей әсер етуде. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев экология мәселесі – ел дамуының басым бағыттарының бірі екенін, сынақ алаңдарын экологиялық, санитарлық талаптарға сәйкестендіру қажеттігін көтерген [1]. ХХІ ғасырдағы әлемдік экологиялық мәселелер қатарында төмендегілерді атауға болады:

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Орынбаева Д.Г., Сатемирова Д.А., Тұрғынов Е.С. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі экология тақырыбы және оны оқытудың өзектілігі // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №1 (139). – Б. 239-251. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3123.19>

*Cite us correctly:

Orynbaeva D.G., Satemirova D.A., Turgynov E.S. Qazirgi qazaq adebietindegi ekologia taqyryby zhane ony oqytudyn ozektiligi [Environmental Issues in Modern Kazakh Literature and the Relevance of its Teaching] // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №1 (139). – Б. 239-251. <https://doi.org/10.47526/2026-1/3107-3123.19>

Мақаланың редакцияға түскен күні 26.06.2025 / қабылданған күні 30.03.2026

Соңғы онжылдықта жаһандық орташа температураның көтерілуі байқалады, статистикалық мәліметтер бойынша, 2024 жылы әлемдік орташа температура 2023 жылмен салыстырғанда 1,5 градусқа жоғарылаған (жылынған). Бұндай өзгеріс табиғи апаттардың жиілігі мен қарқындылығын арттырады.

Жер бетіндегі түрлердің жойылу қарқыны табиғи деңгейден 100 есе жоғары, бұл экожүйелердің тұрақтылығына қауіп төндіреді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, әлем халқының 90%-дан астамы ластанған ауада өмір сүреді, бұл жыл сайын миллиондаған адамның мезгілсіз өліміне әкеледі.

Қазіргі жаһандану дәуірінде табиғатты қорғау мен экологиялық мәселелер жаһандық деңгейде ерекше маңызға ие болды. Ғылыми-техникалық прогресс пен урбанизация үдерісі табиғи ресурстардың сарқылуына, қоршаған ортаның ластануына алып келді. Бұл мәселелерді шешу үшін экологиялық мәдениетті қалыптастыру маңызды. Экологиялық мәдениет – бұл адамның қоршаған ортаға деген жауапкершілік көзқарасы мен табиғатқа жанашырлықпен қарау қабілетін қалыптастыратын рухани-адамгершілік және интеллектуалдық қасиеттердің жиынтығы. Америкалық эколог әрі ғалым Лестер Браун өз еңбектерінде қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелеріне ерекше назар аударған. Оның пікірінше, экологиялық білім беру – тұрақты даму мен табиғатты сақтаудың негізгі жолы [2]. Ал британдық ғалым Дэвид Орт экологиялық мәдениетті қалыптастыруда білім беру жүйесінің ерекше рөлін атап, жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беру арқылы қоршаған ортаны қорғауға шақырады [3]. Неміс ғалымы Эрнст Ульрих фон Вайцеккердің пікірінше, экологиялық мәдениет тек білім берумен шектелмей, адамзаттың күнделікті өмір сүру дағдыларына сіңуі тиіс [4]. Қазақстандық ғалым А.Ж. Бейсенованың пікірінше, экологиялық мәдениет – табиғат пен адам арасындағы үйлесімді байланысты сақтауға бағытталған білім, тәжірибе және іс-әрекеттер жиынтығы [5]. Сонымен қатар, белгілі экологтар табиғатқа ұқыпты қарау мен экологиялық жауапкершілікті қалыптастырудың маңыздылығын атап өтеді.

Экологиялық мәдениет пен жауапкершілік баланың бойына балабақшадан бастап сіңіріліп, мектеп қабырғасында жүргенде әбден санасына құйылуы керек. Сонда ғана әлем алда болуы мүмкін түрлі табиғи апаттардан өзін қорғай алады. Қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас құра білуде мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу бойынша әлемдік тәжірибелерге назар аударсақ:

Жапония мектептерінде экологиялық білім беру арнайы пән ретінде оқытылмаса да, қоршаған ортаға деген құрмет пен табиғатты қорғау мәдениеті оқу бағдарламасының маңызды бөлігі. Оқушыларға табиғатпен үйлесімді өмір сүру, қоршаған ортаны таза ұстау, ресурстарды үнемдеу сияқты құндылықтар бастауыш сыныптардан бастап үйретіледі. Мысалы, мектептерде оқушылар сыныптарын өздері тазалайды, бұл еңбекке баулу мен қоршаған ортаны қадірлеуге тәрбиелейді.

Финляндияда экологиялық білім беру оқу бағдарламасына интеграцияланған. Оқушылар табиғатқа экскурсиялар жасап, қоршаған ортаны зерттейді, экологиялық жобаларға қатысады. Бұл әдіс оқушылардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырып, экологиялық сананы қалыптастырады.

Германия мектептерінде экологиялық білім беру «Эко-мектептер» бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. Бұл бағдарлама оқушыларды қоршаған ортаны қорғауға бағытталған жобаларға тарту арқылы экологиялық жауапкершілікті дамытады.

Қазақстанда экологиялық білім мен тәрбие берудің құқықтық негіздері қалыптасқан. Мысалы, «Қазақстан Республикасының экологиялық білім беру тұжырымдамасы» (2002 ж.), «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы» (2003 ж.), «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы (2021 ж.), «Таза Қазақстан» ұлттық жобасы (2024 ж.) сияқты құжаттар қабылданған. Бұл құжаттар экологиялық

мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығын айқындайды және білім беру жүйесінде экологиялық тәрбие берудің бағыттарын белгілейді.

Қазақстан мектептерінде экологиялық тәрбие беру – маңызды бағыттардың бірі. Бұл тәрбие оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын және экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Мектеп жасындағы оқушыларға экологиялық тәрбие берудің басты құралының бірі – әдебиет, көркем шығармалар. Иә, әдеби шығармалар оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқара алады. Әдебиет – оқушының эмоциялық және рухани дамуына әсер ететін қуатты құрал. Бұл бағытта әдеби шығармалар экологиялық мәселелерді көркем жеткізу арқылы табиғатқа жанашырлық сезімін оятады және оқушылардың табиғатты қорғауға деген жауапкершілігін арттырады. Американдық жазушы және философ Генри Торо табиғатпен үйлесімді өмір сүруді насихаттай отырып, әдебиеттің экологиялық сананы қалыптастырудағы рөлін ерекше атап өткен [6]. Оның «Walden; or, Life in the Woods» атты еңбегі табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті оятуға бағытталған. «Silent Spring» кітабының авторы Рейчел Карсон әдеби шығармалар арқылы қоршаған ортаны қорғау мәселелерін көтеріп, экологиялық білім берудің маңыздылығын көрсеткен [7]. Қазақстандық ғалым Ә.С. Бейсенова экологиялық білім мен тәрбие берудің теориялық-педагогикалық негіздерін зерттей отырып, экологиялық мәдениетті қалыптастырудың бала кезден басталатынын және бұл үдерісте әдебиеттің маңызды рөл атқаратынын атап көрсетеді. Педагог С. Жұмабекова қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерінің бай қазынасын білім-тәрбие беруде кеңінен қолданудың маңызын атап өтіп, табиғатты қорғауға, экологиялық тәрбие беруге бағытталған әдеби шығармалардың оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы рөлін зерттеген. Автор қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін пайдалана отырып, балаларға экологиялық тәрбие берудің тиімді жолдарын ұсынады. Аталған ғалымдардың пікірлерін тұжырымдай келе, әдеби шығармалардың оқушыға әсерін төмендегідей жіктеуге болады:

Эмоциялық ықпал: Әдебиет арқылы экологиялық апаттар мен табиғаттың тозуы туралы оқиғалар оқушыны терең ойлануға мәжбүрлейді. Бұл олардың табиғатқа деген көзқарасын өзгертеді.

Құндылықтарды қалыптастыру: Экологиялық мазмұндағы өлеңдер мен әңгімелер табиғатты қорғау, ресурстарды үнемдеу сияқты құндылықтарды сіңіруге ықпал етеді.

Шығармашылық ойлауды дамыту: Әдеби шығармаларды талдау мен эссе жазу арқылы оқушылар экологиялық проблемаларды шешудің жолдарын іздейді.

Қоршаған ортаны түсіну: Әдебиет арқылы экожүйе, табиғат құбылыстары, экологиялық тепе-теңдік туралы түсініктері кеңейеді.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Бұл зерттеу сапалық әдіске негізделіп, экокұрылымдық тәсілді қолданады. Зерттеу кезеңдері келесідей. *Біріншіден*, дереккөздерді анықтау, яғни экологиялық тақырыптағы немесе экологиялық мәселелерді қозғайтын әдеби шығармалар туралы деректерді жинау. Негізгі деректерге экологиялық тақырыптағы әдеби шығармалар (әңгімелер мен романдар) жатады. Олардың қатарына Р. Нұрғалидың «Қылмыс» әңгімесі, Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы, Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі, А. Алтайдың «Кентавр» әңгімесі, Ж. Сахиевтің «Айдағы жасырынбақ» әңгімесі, С. Ақсұңқарұлының «Экологиялық пікірталаста оқылған өлең» шығармасы, С. Жұбатырұлының «Абыржы» романы, К. Ахметованың «Қала экологиясы» өлеңі, А. Елгезектің «Мен ішпеген у бар ма?» өлеңі кіреді. Қосымша деректер экокритикалық теория мен экологиялық білім беру бойынша әртүрлі әдебиеттерден алынды. Екіншіден, деректерді жіктеу. Бұл кезеңде барлық бастапқы және қосымша деректер зерттеу формуласына сәйкес жіктеледі. Үшіншіден, деректерді талдау, яғни экокритикалық теорияны қолдану арқылы

бастапқы деректерді талдау және оны экологиялық білім берумен байланыстыру. Төртінші кадам – талдау және түсіндіру нәтижелеріне негізделген қорытынды жасау.

Талдау мен нәтижелер

Адамға экологиялық жауапкершілік пен сана-сезімді сіңіріп, экологиялық тәрбиені өрістетуде көркем әдебиеттің ролі қандай, жалпы табиғатқа жанашырлықтың әдебиетіміздегі бейнеленуі, насихатталуы, көріністері қай дәрежеде десек, қазақ әдебиеті де бұл мәселеге өз шама-шарқынша үн қосуда.

Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы. Бұл дилогияда көне Арал аймағының экологиялық зардаптарын, оның осыған келу жолын тамыршыдай тап басып, көркем прозада кең ауқымда көрсете алды. *«Жер де, адам да азып барады»* – дейді роман. Кең байтақ Қазақстанның даласында күні кеше миллиондап заулайтын киіктің жұқанасы ғана қалған. Сол азын-аулақ киікке су ішер суат табылмайды. Тартылған теңіз табанынан босаған борпылдақ тұз аралас құм қысқы бораннан жаман ұйтқиды. Құм боран шыдатпаған киік бұрын маңына жуымайтын ауылдардың қора-қопсысына тығылады. Заманақыр зауалындай трагедия адамның өз басына да түскен. *«Теңізі тартылған, жері азған, елі босқан»* Жәдігердің бүкіл тағдыры замандасына былай дегізеді: *«...Есалаң сорлы, есіңді жи! Оңың мен солыңа қара! Басқаны ойламасаң да, ойраны шыққан мына дүниенің ертеңі не боларын ойласаң еді? Осы дүниеге соңыра, өзіңнен кейін келетін сорлы ұрпақтың күні не болатынын ойласаңдар еді»* [8]. Жері азған, елі босқан жалғыз Арал ғана ма екен? Сондықтан «Соңғы парыз»: адамзат үлкені, кішісіне, басшы мен қара табанына қарамай табиғат, қоғам алдындағы борышын қайтаруға міндетті дейді. Ол міндет қалай өтелуі керек? Нұрпейісов романы мәселені төтесінен қояды. Бәрі-бәрі адамның өз қолында.

Сайлаубай Жұбатырұлының «Абыржы» романы. Сонымен қатар, 2009 жылы «Сырдария кітапханасы» 200-томдық антологиясына енген «Абыржы» атты романының екі томдығы және басқа да шығармаларында жазушы Арал тағдырының, Арал тауқыметінің көркемдік шындығын психологиялық, философиялық жақтан терең толғаныспен суреттейді.

« – ...Арал қалай? – депті осында келген бір қонақ.

– Сәтімен өлуін жалғастыруда!

– Ол қалай сонда?!.

– Сол психология... Тек ұрандар ғана сәл өзгерген...

– Ау, азат Орталық Азияның оянған азат дүниетанымы не болды?!. – деп «партеев» Әлқуатқа шұқшияды. – Адамдар мен Құдай алдындағы биік уәде қайда? Аралға деген отыз миллиард уәделі сол су қайда?..

– Өзім де түсіне алар емеспін, – деп ақталады Әлқуат, бәріне бір өзі кінәлі адамның кейінде. – Осы күні оңды-солды өтірікке ешкімнің жүзі жанбайтын болды. Жауапсыздық па? Екіжүзділік пе?.. Соны енді бүгін мен еске алуға ұяламын... Ал байқұс теңізде, қай кездегідей, тіл жоқ қой...» [9].

Бұл өзекті тақырып тек проза жанрында ғана емес, қазіргі қазақ поэзиясында да лайықты қолдау тауып келеді. Ақындар Ә. Тәжібаев, Қ. Мырзалиев, К. Мырзабеков, И. Оразбаев, К. Салықов, Ж. Әбдірашев, Ұ. Есдәулетов, Е. Раушановтың мерзімді баспасөзде жарияланып жүрген өлең-жырлары соның дәлелі.

Рымғали Нұрғалидың «Қылмыс» әңгімесі. Кеңестік кезеңде тыныш жатқан қазақ даласы, яғни Семей өңірі ядролық сынақ алаңына айналғаны белгілі. Жазушы жайма шуақтанып, алаңсыз, бейқам жатқан елді бір күнде дүрліктіріп, әбігер-сарсаңға салып, науқанды күз кезінде ел-жұртты басқа жерге көшіріп жатқанын шынайы суреттейді. *«Бұл жарылыс 1953 жылы 5 август күні болды. Бір жұмадан кейін халық бұрынғы қоныстарына қайтып оралды: ауылда қалып қойған бірен-саран ит, мысық малдардың жүні жидіп түскен, терілері қызылшақаланып сыдырылған, жол соқпақты, тіпті үйдің төбесіне шейін сорайып өскен рабайсыз ұзын шөп басып кеткен. Алғаш бұл құбылысқа таңырқаған ел бірте-бірте үйреніп кетті, көңіл бөліп назар аударуды да қойды, кейін келетін көп кесапаттың алғашқы*

хабаршысы белгісін ұққан жоқ» [10, 470-б.], - деген үзіндіден жарылыстан кейінгі ауыл көрінісін көреміз.

Әңгіме: «Он бес жыл жер бетінде, жиырма бес жыл жер астында жарылған атом, су бомбаларының кесапаты ма, басқа да қырсық бар ма, оны дәл айыру қиын шығар, алағандай бір Қайнар селосында соңғы жылдары рактан, өлгендерің, ақ қан ауруынан опат болғандардың, іштен есалаң бо тугандардың, өзін-өзі өлтіргендердің саны қаптап кетті» [10, 471-б.], - деп аяқталады. Бұл сөздердің астарында зіл жатқанын байқаймыз. Жазушы атом ядролық бомбасының салдарынан адамдардың психологиялық және табиғаттық биологиялық өзгерістерге ұшырауын тереңнен толғанады.

Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі. Басты кейіпкері Ләйлә – атомдық сынақтардан жасалған жарылыс даласының дәл кіндігінде – Қарауылда туған мүгедек қыз. Прототипі – Еңлік атты Семей қаласының тұрғыны. Әңгімедегі жалпы психологиялық-эмоционалдық ахуал зарлы, шерлі. Сынақтан зардап шеккен жұрт қатары күн санап сиреуде. Қарауылдың басында азалы үн толастар емес. Күн сайын көз жұмып, дүниеден көшіп жатқан ауылдастарының қазасы ауыл-аймақтың еңсесін езіп жібергендей. Адам қолынан жасалып, жанына бітпес жара салған осынау қасіреттен зардап шегуші тағы да – адам. Әңгімеде жаны жаралы Ләйлә үнемі аймен сырласып, бар мұң-зарын, қайғы-қасіретін соған айтумен болады [11]. Дәл осылай полигонның кесірінен адам емес, кентавр болып дүниеге келген сәбидің тағдыры жайлы А. Алтайдың «Кентавр» әңгімесін де атап өтуге болады. Бұл шығармалар адамзаттың табиғатқа жасаған қастандығы өзіне қайта оралғанын дәлелдейді.

Жүніс Сахиевтің «Айдағы жасырынбақ» әңгімесі. Фантастика жанрында балаларға арнап жазылған бұл әңгіме де Жер планетасының болашағы туралы толғаныстарға толы. Басты кейіпкердің әкесінің айтуынша: «Күн жүйесі алғаш гарыш шаң тозаңынан пайда болғаннан кейін галамиарлардың тіршілікті жағдайға көшу кезеңдері бірдей өткен. Айдың да атмосферасы болған. Мұнда да бір заманда тіршілік қайнап жатқан. Мәдени дамудың жоғары шегіне жеткен Айдың саналы тіршілік иелері атмосфераны ластаған, оның ыдырауына әкеліп соқтырған. Озондық ойықтың ұлғаюы нәтижесінде Күн радиациясының электр магниттік ағымы, оған қоса қысқа толқынды диапазондағы рентгендік және ультракүлгін сәулелер галамиар бетіндегі тіршілікті жойып жіберген. Ай беті жсалаңаштанып, шектен тыс қызып, жасыл желек біткен құрап, бұлақ, көл, теңіз бен мұхит уланып гарышқа ұшып кеткен. Қиыр гарыштан қаңғып келген аспан тастары галамиардың бетін әжімге толтыра берді. Ай беті жыпырлаған қазанишұңқырларға толды. Галамиардың күнгей жағы құрғап, түнгі жағындағы ішкі суы мәңгілік мұз болып қатып қалды. Ай өз осінен айналуын мейлінше баяулатты. Біздің ғылыми зерттеуіміз осыны дәлелдеді...» [12, 23-б.] Автор осы абзац арқылы оқушыларға жері ластауды тоқтатпасақ, біздің планетамызда да тіршілік жойылып кетуі мүмкін деп ескертеді. – Табиғаттың болашақ тазалығы сендердің қолдарыңда, – деді сол кезде көкем Сартай екеуіміздің сөзімізді тыңдап болып, – достарыңа да түсіндіріңдер мұны... [12, 24-б.]

Заманауи қазақ ақын-жазушыларының шығармаларында табиғат пен экология мәселелері жиі көтеріледі. Мысалы, Ақберен Елгезектің «Мен ішпеген у бар ма?» өлеңінде адам мен табиғаттың арасындағы байланыс терең суреттеледі:

Көктемде бұр жарған бәйшешектер,

Қурап барады қол тимей...

Сөнген үміттей сөнеді гүлдер,

Желмен ұшқан күлдей... [13]

Бұл жолдарда табиғаттың нәзіктігі мен адам әрекетінің әсері айқын көрсетіледі. Ақын табиғатты қорғау қажеттілігін көркем тілмен жеткізеді.

Сонымен қатар, Қазыбек Исаның өлеңдерінде табиғаттың бүлінуі мен экологиялық апаттардың адамзатқа кері әсері туралы ой қозғалады:

Сарқырап аққан өзендер,

Суы тартылып, жылап қалды.

Ормандардың оты сөніп,

Жасыл әлем құрап қалды [14].

Мұнда табиғаттың күйреуі адамның әрекетіне тәуелді екені айқын көрінеді. Ақын экология мәселесін өткір көтеріп, оқырманды ойлануға шақырады.

Серік Ақсұңқарұлының өлеңдерінде де экологиялық тақырып ерекше орын алады. Оның туындыларында табиғаттың тозуы мен адамзаттың оған деген немқұрайлылығы сыналады. «Экологиялық пікірталаста оқылған өлең» атты шығармасы біздің айтып отырған сөзіміз бен пікірлерімізді қолдай түсетіндей:

Көргенсіздігімізді қашан көреміз біздер,

жерді де құрттық көр қылып?

Құдайға шүкір, өлеміз біздер –

үлгермей бәрін өлтіріп!

Жүрек жоқ, хайуан денеміз, құлқыны –

құзғындай, тоймас жемесе.

Құдайға шүкір, өлеміз бір күні,

өледі Әлем – немесе [15].

Күләш Ахметова «Қала экологиясы» атты өлеңінде:

Өзгерісті байқармыз талай әлі,

Басы болған нәрсенің бар аяғы.

Түнде жауған аппақ қар

Алматыда

Түске дейін түтінмен қараяды [16], - Алматы қаласының экологиясы жайлы сөз қозғайды. Ондағы түнде жауған ақ қардың түске дейін-ақ түтінмен қарайып кететіні, газ пен бензин иісінен терең тыныс алуға мүмкіндіктің жоқтығын суреттейді.

Міне, көріп отырғанмыздай, адам баласының қатігездігінің кесірінен жер де құртылды, әлем де өлімші халде. Сәйкесінше адам баласының тирандығы нәтижесінде жер бетінде кедейлік, гендерлік, адам құқықтары мен қауіпсіздігімен қатар, экологиялық мәселелер де кейінгі қалдырылмайтын проблемалардың қатарында орын алды. Осы және осы сарындас проблемалардың алдын алу үшін және қоршаған ортаның отарсыздығы үшін жаңа экологиялық мәдениеттің қалыптасуы өте маңызды.

Оқушыларға экологиялық мәселелерді түсіндіру арқылы олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін арттыруға болады. Әдеби шығармалар арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру оқушының тұлғалық дамуына оң әсер етеді. «Әдебиетке негізделген экологиялық білім беру студенттердің табиғатқа деген экоцентрлік көзқарасын қалыптастыруға бағытталған балама тәсіл болып табылады. Мұндай бағдарламаның мақсаты – оқушылардың мінез-құлқын өзгерту және алған білімдерін қоршаған ортаға зиян келтірмейтін іс-әрекеттерге айналдыру» [17]. Адамның табиғатқа деген көзқарасы көбіне антропоцентрлік сипатта болады, яғни адамның мүдделері табиғаттың мүдделерінен жоғары саналады. Сондықтан мұндай мәселелерді шешу үшін халықтың білім деңгейін арттыруға ерекше көңіл бөлу қажет. Бұл экологиялық білім беруді тиімді енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Әлемде мектептерде экологиялық білім беруге ерекше мән берілуде, әр елдің өзіне тән әдістемелері мен тәжірибелері қалыптасқан. Қазақстанда да экологиялық білім беруге көңіл бөлінуде.

Экологиялық білім беру бағдарламалары:

- Мектепке дейінгі білім беру: Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Бұл кезеңде балаларға табиғат туралы алғашқы түсініктер беріледі, қоршаған ортаға қамқорлық жасау дағдылары қалыптасады.

Әдістемелік ұсынымдарда табиғатқа деген сүйіспеншілікті дамыту, экологиялық сананы қалыптастыру мақсатында түрлі ойындар, бақылаулар және тәжірибелер ұсынылады.

- Жалпы білім беретін мектептер: Мектептерде экологиялық білім беру оқу бағдарламасына интеграцияланған. Бастауыш сыныптарда қоршаған орта туралы пәндер арқылы, ал жоғары сыныптарда қазақ тілі, қазақ әдебиеті, биология, география, химия сабақтарында экологиялық тақырыптар қарастырылады. Сонымен қатар, сыныптан тыс іс-шаралар, экологиялық жобалар, табиғатқа экскурсиялар ұйымдастырылады.

Экологиялық мәдениетті дамытуға арналған ұлттық стратегиялар:

Қазақстан мектептерінде экологиялық тәрбие беру үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және оқушылардың табиғатқа деген оң көзқарасын қалыптастыруға бағытталған кешенді іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстандық мектеп оқушылары республикалық деңгейде экологиялық маңызы бар бірнеше жобаларды жүзеге асыруда.

1. «ProEco» экологиялық жобалар конкурсы

Бұл конкурс 5-8 сынып оқушылары арасында өткізіліп, олардың экологиялық сауаттылығын арттыруға және табиғатты қорғау қызметіне бейімдеуге бағытталған.

2. «Эко мектеп» және «Эко балабақша» жобалары

Батыс Қазақстан облысында енгізілген бұл жобалар білім беру мекемелерінде экологиялық кеңестер құрып, оқушыларды табиғатты қорғау қызметіне тартуды көздейді.

3. «NXplorers: Жасыл ұрпақ бәйгесі» экологиялық жоба байқауы

Бұл байқау 8–10 сынып оқушылары арасында өткізіліп, олардың экологиялық сауаттылығын арттыруды мақсат етеді. Оқушылар команда болып жұмыс істеп, экологиялық мәселелерді шешуге арналған жобалар әзірлейді. Мысалы, мектеп аумағында жылыжай салу, асхана қалдықтарынан тыңайтқыш жасау, Тобыл өзенінің жағалауын тазарту сияқты бастамалар қолға алынған. Бұл жобалар оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Бұл жобалар оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда және қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Бұл тәжірибелер көрсеткендей, экологиялық білім беру оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Қазақстан мектептерінде экология тақырыбына қатысты бірқатар әдеби шығармалар оқытылады. Мақалада талданған шығармалардың біразы мектеп бағдарламасына енгізілген. Бұл шығармалар оқушылардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, оқушылардың табиғатты қорғау, экологиялық проблемаларды түсіну және оларды шешу жолдарын іздестіруге ынталандырады.

2000 жылдан бері қазақ әдебиетінде экология тақырыбына арналған бірнеше маңызды шығармалар жарық көрді. Олардың басым көпшілігі мақалада талданды. Бұл шығармалар қазіргі қазақ әдебиетінде экология тақырыбының өзектілігін көрсетіп, оқырмандарды табиғатты қорғауға шақырады.

Экологиялық тақырыптағы шығармаларды оқушыларға оқыту барысында бірнеше маңызды мәселелерді назарға алу қажет. Бұл мәселелер оқушылардың экологиялық санасын дамытуға, олардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруға және шығармашылық ойлауын жетілдіруге бағытталуы тиіс.

1. Оқушылардың жас ерекшелігі мен қабылдау деңгейі

- Бастауыш сынып оқушылары үшін экологиялық ертегілер, аңыздар, қысқа әңгімелер тиімді.
- Орта буын үшін табиғат пен қоршаған орта туралы ғылыми-көпшілік шығармалар маңызды.

- Жоғары сынып оқушыларына экологиялық проблемалар мен олардың салдары туралы күрделі әдеби шығармаларды ұсыну орынды.
2. Экологиялық шығармалардың мазмұны мен идеясы
 - Табиғатты қорғау және экологиялық проблемалар туралы нақты ақпарат беруі керек.
 - Қоршаған ортаға жауапкершілік пен қамқорлық сезімін оятуы тиіс.
 - Мәтіндер оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталуы қажет.
 3. Экологиялық шығармаларды пәнаралық байланыстыру
 - Қазақ тілі мен әдебиеті – көркем шығармаларды оқып, талдау.
 - География – экологиялық мәселелердің ғаламдық сипатын қарастыру.
 - Биология – табиғи экожүйелердің қызметін түсіну.
 - Тарих – экологиялық мәселелердің тарихи аспектілерін зерттеу.
 4. Оқушылардың экологиялық санасын қалыптастырудағы қиындықтар
 - Кейбір оқушылар экологиялық мәселелердің маңыздылығын жеткілікті түсінбеуі мүмкін.
 - Теориялық білім практикамен бекітілмесе, оқушылар экологиялық әрекеттерді өмірде қолдануға асықпайды.
 - Оқу бағдарламасында экологиялық шығармаларға жеткілікті уақыт бөлінбеуі мүмкін.
 5. Экологиялық шығармаларды оқытудың нәтижелілігін бағалау
 - Оқушылардың экологиялық тақырыптарға қызығушылығының артуы.
 - Қоршаған ортаға деген жеке көзқарасы мен жауапкершілік деңгейінің жоғарылауы.
 - Жеке немесе сыныптық экологиялық жобаларды іске асыруы (мысалы, ағаш отырғызу, қоқысты сұрыптау).

Экология тақырыбында жазылған әдеби шығармаларды оқытуда интерактивті әдістерді, пікірталастарды, шығармашылық жобаларды қолдану тиімді. Әдебиет сабақтарында экологиялық мазмұндағы шығармаларды талдау, эссе жазу, сахналық қойылымдар дайындау оқушылардың қызығушылығын арттырады. Әлемдік білім кеңістігінде қолданылып жүрген тиімді әдістер қатарына мыналарды жатқызуға болады:

- STEAM әдісі (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics): Экология тақырыбына арналған жобалық жұмыстарды әдеби шығармалармен біріктіру арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеті мен шығармашылығын дамыту.
- Жобалық оқыту (Project-Based Learning): Оқушыларға экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған жобалар ұсыну. Мысалы, белгілі бір әдеби шығарманы талдап, оның негізінде табиғатты қорғауға бағытталған жоба әзірлеу.
- Интерактивті әдістер: Экологиялық мазмұндағы шығармаларды талдау кезінде пікірталас, эссе жазу, сахналық қойылымдар қою арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру.
- Мультимедиялық құралдар: Виртуалды экскурсиялар мен анимациялық бейнероликтер арқылы экологиялық тақырыпты тереңірек түсіндіру.
- Экологиялық квесттер: Әдеби шығармалар негізінде жасалған квест ойындары арқылы экология тақырыбын қызықты әрі әсерлі түрде меңгеру.
- Жасанды интеллект: Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда жасанды интеллект (AI) технологияларын пайдалану тиімді. AI негізінде экологиялық симуляциялар, виртуалды лабораториялар, интерактивті тесттер әзірлеп, оқушыларға экологиялық мәселелерді шешудің түрлі жолдарын ұсынуға болады. Сонымен қатар, AI көмегімен оқушылардың білім деңгейін автоматты түрде

бағалап, жеке оқу траекторияларын құру мүмкіндігі бар. AI ұсынатын мүмкіндіктер қатарында виртуалды лаборатория әдісінің тиімділігі жоғары.

Зерттеу барысында Алматы қаласындағы Абай атындағы мектептің 9-сынып оқушылары нысанға алынды. Зерттеу нәтижелілігін арттыру мақсатында мектепте жиі пайдаланылып жүрген интерактивті әдістермен қатар STEAM және проектілік оқыту әдістері белсенді қолданылды.


Экология тақырыбындағы көркем шығармаларды оқытып, талдамас бұрын оқушылардан тест алынды. Тест оқушылардың жалпы экологиялық білім деңгейін анықтауға бағытталды. Сұрақ үлгілері: *Фаламдық деңгейде өзекті болып тұрған экологиялық проблема (-лар)? Семей халқы қандай экологиялық апаттан зардап шегуде? Ағашты түбімен отап тастау табиғатқа қандай зиян әкеледі? Арал теңізінің тартылу себебі? Ауа-райының күрт жылынуына не себеп?*

Тестілеуге қатысқан 30 оқушының тест нәтижелері бойынша орташа балы 60%-ды құрады. 1 тоқсан, яғни 2,5 ай көлемінде көркем шығармаларды оқып, талдап, түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесінде тоқсан соңында бұл көрсеткіш 85%-ға өсті 1-сурет.



1-сурет – Көркем шығармаларды жаңа әдіспен талдағанға дейінгі және кейінгі тест нәтижелері

Сонымен қатар, оқушылардан «Сіз экологиялық мәселелерге мән бересіз бе?» деген сұрақпен сауалнама алынды. Бастапқыда оқушылардың 57%-ы жоқ деп жауап берсе, жүргізілген жұмыстан соң «Экологиялық әдеттеріңіз өзгерді ме?» деген сауалнамаға «иә» деп жауап берушілер үлесі 86%-ды құрады (2-сурет).



2-сурет – Сауалнама нәтижелері

Зерттеу барысында тест және сауалнама алынған соң, осы уақытқа дейін өзге пәндер аясында болса да экологиялық жобаларға қатысқан оқушылардың үлесі 30%-ды құрады. Ал экономика тақырыбындағы бірнеше көркем туындыларды оқып, талдап, оның басты құндылығын анықтаған соң, оқушылар өздері әр туындыдан ғаламдық идеяларды шығарып, нәтижесінде экологиялық жобаларға қатысушы оқушылар саны 70%-ға дейін артты (3-сурет). Олар әр сенбі сайын мектеп аумағын қоқыстан тазалау, ағаш отырғызу, қараусыз қалған жан-жануарларға көмектесу секілді экологиялық акцияларда белсенділік таныта бастады.



3-сурет – Көркем шығармаларды жаңа әдіспен талдағанға дейінгі және кейінгі экологиялық жобаларға қатысушылар үлесі

Экологиялық білім беруге бағытталған әдеби шығармаларды оқытуда қолданылатын оқу материалдарының тиімділігін анықтау үшін әңгімелер мен романдар экоқұрылымдық теория негізінде талданады. Гаррардтың айтуынша, экокритика — әдебиет, мәдениет, философия, элеуметтану, психология, экологиялық тарих, саясат және экономика, дінтану салаларын қамтитын пәнаралық талдау. Экологиялық білім тек қоршаған ортаның үйлесімділігі мен тұрақтылығын ғана емес, сонымен қатар, адамның мінез-құлқы мен көзқарасын түсінуді де қамтиды. «Оқырмандардың экологиялық тақырыпта жазылған көркем шығармаларға деген қызушылығы күн сайын артып келеді. Бұл шығармалар адам және экология арасындағы байланыс туралы түсінік береді. Осындай шығармаларды оқыту арқылы мектеп жасындағы оқушыларға экологиялық тәрбие, экологиялық сана, мәдениет қалыптастыру керек. Білім беру мекемелерінде ата-аналар мен оқушылар арасында осы тақырып бойынша үнемі іс-шаралар ұйымдастырылып, семинарлар өткізілуі керек» [18]. Қазақстандық зерттеушілер де аталған пікірмен келісе отырып, мынадай тұжырым шығарады: «Экологиялық білім беру қазіргі кезеңде, сөзсіз, ерекше маңызды мәнге ие. Оны тек білім, білік және дағдыларды беру ретінде ғана емес, сонымен қатар белсенді практикалық қызмет ретінде қарастыру қажет» [19].

Экологиялық білім беруді әдеби шығармалар арқылы оқытуда бастауыш, орта және жоғары сыныптардағы қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәндері арқылы интеграциялауға болады. Сонымен қатар, бұл университет деңгейінде де, мысалы, қазіргі қазақ әдебиеті және әдеби сын пәндерінде де енгізілуі мүмкін.

Қорытынды

XXI ғасыр әдебиетіндегі экология тақырыбы – қазіргі қоғам үшін ерекше маңызға ие. Әдеби шығармалар – оқушылардың экологиялық санасын қалыптастыруда маңызды құрал. Әдебиет арқылы табиғатқа деген жанашырлық пен жауапкершілікті арттыру оқушылардың табиғатты қорғау және экологиялық мәселелерді шешуге белсенді қатысуына ықпал етеді. Әдеби шығармаларда табиғаттың әсемдігі мен оның қорғалуы қажеттілігі көркем түрде

жеткізіледі. Сондықтан мектеп бағдарламасына экологиялық мазмұндағы шығармаларды енгізу – оқушылардың экологиялық мәдениетін арттырудың тиімді жолы. Бұл бағытта әлемдік және отандық оқыту тәжірибелерін қолдану арқылы оқушылардың экологиялық сауаттылығын дамыту өзекті міндеттер қатарында. Табиғатты қорғау идеяларын әдебиет арқылы жеткізу болашақ ұрпақтың табиғатқа деген көзқарасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, экологиялық білім беру тек оқу үдерісімен шектеліп қалмауы керек, ол мектептің тәрбиелік жұмысымен, қоғамдық іс-шаралармен және отбасылық тәрбиемен тығыз байланыста жүргізілуі тиіс. Бұл кешенді тәсіл оқушылардың табиғатқа деген жанашырлығын арттырып қана қоймай, олардың экологиялық мәдениет деңгейін жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті «Жас ғалым» гранттық жобасының қаржысы есебінен жүзеге асырылды (AP19176992).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakistan-halkyna-zholdauy> (қаралған күні 16.01.2025)
2. Brown L.R. World on the Edge: How to Prevent Environmental and Economic Collapse. – New York: W.W. Norton & Company, 2011. – 240 p.
3. Orr D.W. Earth in Mind: On Education, Environment, and the Human Prospect. 2nd ed. – Washington: Island Press, 2004. – 300 p.
4. Weizsacker E.U. Pioneering Work on Environmental, Climate and Energy Policy. – Berlin: Springer, 2013. – 210 p.
5. Бейсенова А. Қазақ халқының экологиялық жағдайы. – Алматы: Эверест, 2018. – 198 б.
6. Thoreau H.D. Walden; or, Life in the Woods. – New York: Houghton Mifflin Harcourt, 2019. – 224 p.
7. Carson R. Silent Spring. – Boston: Houghton Mifflin Harcourt, 2002. – 280 p.
8. Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. – Алматы: Жазушы, 2000. – 368 б.
9. Жұбатырұлы С. Абыржы. – Алматы: Жазушы, 2015. – 312 б.
10. Нұрғали Р. Қылмыс. – Алматы: Жазушы, 2001. – 144 б.
11. Мұқанова Р. Мәңгілік бала бейне. – Алматы: Жазушы, 1999. – 144 б.
12. Сахиев Ж. Айдағы жасырынбақ. – Алматы: Жазушы, 2010. – 97 б.
13. Елгезек А. Шексіздік сыртындағы шам. – Алматы: Хантәңірі, 2014. – 324 б.
14. Иса Қ. Тәтті шөл. – Алматы: Жазушы, 2014. – 160 б.
15. Ақсұңқарұлы С. Өмір деген күнді айналу. – Алматы: Жазушы, 2012. – 200 б.
16. Ахметова К. Ғасыр қасіреті. – Алматы: Жазушы, 2003. – 176 б.
17. Ecocriticism in literature: Examining nature and the environment in literary works // Educational Administration: Theory and Practice. – 2024. – Т. 30, №6. – Б. 2162–2168.
18. Асуат А. Көркем әдебиет шығармаларындағы экология мәселесі // Жас ғалым. – 2014. – №2.1. – Б. 3–5.
19. Курманбаев Р.Х., Кожанова А.Е., Берденкулова А.Ж. Внедрение модели «Зеленая школа» как фактор формирования экологического мировоззрения учащихся сельских школ // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №1(135). – С. 419–431. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.175>

REFERENCES

1. Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti Qasym-Jomart Toqaevtyyn Qazaqstan halqyna joldauy [Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the People of Kazakhstan]. [Electronic resource]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-kazakistan-halkyna-zholdauy> (date of access 16.01.2025) [in Kazakh]

2. Brown L.R. World on the Edge: How to Prevent Environmental and Economic Collapse. – New York: W.W. Norton & Company, 2011. – 240 p.
3. Orr D.W. Earth in Mind: On Education, Environment, and the Human Prospect. 2nd ed. – Washington: Island Press, 2004. – 300 p.
4. Weizsacker E.U. Pioneering Work on Environmental, Climate and Energy Policy. – Berlin: Springer, 2013. – 210 p.
5. Beisenova A. Qazaq halqynyn ekologialyq jagdaiy [The environmental condition of the Kazakh people]. – Almaty: Everest, 2018. – 198 b. [in Kazakh]
6. Thoreau H.D. Walden; or, Life in the Woods. – New York: Houghton Mifflin Harcourt, 2019. – 224 p.
7. Carson R. Silent Spring. – Boston: Houghton Mifflin Harcourt, 2002. – 280 p.
8. Nurpeisov A. Songy zhyr [The Last Poem]. – Almaty: Zhazushy, 2000. – 368 b. [in Kazakh]
9. Zhubatyryly A. Abyrjy [Confusion]. – Almaty: Zhazushy, 2015. – 312 b. [in Kazakh]
10. Nurgali R. Qylmys [Crime]. – Almaty: Zhazushy, 2001. – 144 b. [in Kazakh]
11. Muhanova R. Mangilik bala beine [The Eternal Child Image]. – Almaty: Zhazushy, 1999. – 144 b. [in Kazakh]
12. Sahiev Zh. Aidagy zhasyrynbaq [The Secret on the Moon]. – Almaty: Zhazushy, 2010. – 97 b. [in Kazakh]
13. Elgezek A. Sheksizdik jotasyndagy sham [A Candle on the Ridge of Infinity]. – Almaty: Hantaniri, 2014. – 324 b. [in Kazakh]
14. Isa K. Tatti shol [Sweet Desert]. – Almaty: Zhazushy, 2014. – 160 b. [in Kazakh]
15. Aqsunqaruly S. Omir degen kundi ainalu [Life Is the Turning of a Day]. – Almaty: Zhazushy, 2012. – 200 b. [in Kazakh]
16. Ahmetova K. Gasyr qasireti [The Tragedy of the Century]. – Almaty: Zhazushy, 2003. – 176 b. [in Kazakh]
17. Ecocriticism in literature: Examining nature and the environment in literary works // Educational Administration: Theory and Practice. – 2024. – T. 30, №6. – B. 2162–2168.
18. Asuat A. Korkem adebiet shygarmalaryndagy ekologia maselesi [The Issue of Ecology in Literary Works] // Zhas galym. – 2014. – №2.1. – B. 3–5. [in Kazakh]
19. Kurmanbaev R.H., Kojanova A.E., Berdenkulova A.J. Vnedrenie modeli «Zelenaia shkola» kak faktor formirovaniya ekologicheskogo mirovozzrenia uchashihsia selskih shkol [Introduction of the “Green School” Model as a Factor in the Formation of the Ecological Outlook of Rural School Students] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2025. – №1 (135). – S. 419–431. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.175> [in Russian]

Environmental Issues in Modern Kazakh Literature and the Relevance of its Teaching

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the representation of environmental themes in 21st century Kazakh literature and emphasizes the importance of teaching such content in schools. Today, issues like global warming, depletion of natural resources, and ecological disasters are among the most pressing challenges facing humanity. In addressing these problems, fostering ecological awareness and culture among young people is of great importance.

Literature is a powerful tool that influences the spiritual development of individuals. Therefore, by including environmentally-themed works from contemporary Kazakh literature in the school curriculum, it is possible to enhance students' love and responsibility towards nature. The article presents effective methods for teaching environmental topics. The works of modern Kazakh poets and writers, whose works deal with the consequences of natural disasters, were taken as an example.

This study highlights the significance of forming ecological consciousness through literary education and suggests methods that can influence students' attitudes toward the environment. Furthermore, it thoroughly analyzes the thematic and educational value of literary works with environmental content. Literature plays a unique role in developing students' creative thinking and nurturing a caring attitude toward nature. The research and practical recommendations presented in the article contribute to improving the quality of ecological education.

Keywords: literature, 21st century literature, teaching literature, environmental themes, global issues.

Экологическая тематика в современной казахской литературе и актуальность её преподавания

Аннотация. В данной статье всесторонне рассматриваются проявления экологической тематики в казахской литературе XXI века и значимость её преподавания в школе. На сегодняшний день такие проблемы, как глобальное потепление, истощение природных ресурсов, экологические катастрофы входят в число самых актуальных вызовов, стоящих перед человечеством. Формирование экологической культуры у молодёжи играет важную роль в решении этих проблем.

Литература – мощный инструмент, влияющий на духовное развитие личности. Поэтому включение в школьную программу произведений современной казахской литературы экологического содержания способствует формированию у учащихся любви и ответственности к природе. В статье предлагаются эффективные методы преподавания экологической тематики. В качестве примера были взяты произведения современных казахских поэтов и писателей, в чьих произведениях речь идет о последствиях стихийных бедствий персонажей.

Данное исследование подчёркивает важность формирования экологического сознания через изучение литературных произведений и предлагает методы, способствующие изменению отношения школьников к окружающей среде. Также в статье подробно анализируются содержательные особенности произведений экологической тематики и их воспитательное значение. Литература играет особую роль в развитии творческого мышления учащихся и формировании бережного отношения к природе. Представленные исследования и практические рекомендации способствуют повышению качества экологического образования.

Ключевые слова: литература, литература XXI века, преподавание литературы, экологическая тематика, глобальные проблемы.

Авторлар туралы мәлімет

Орынбаева Д.Г. – корреспондент-автор, PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, e-mail: diyori_93@mail.ru, Қазақстан, Алматы қ.

Сатемирова Д.А. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, e-mail: dariga-sat@mail.ru, Қазақстан, Алматы қ.

Тұрғынов Е.С. – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Еуразия ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, e-mail: erkinbek230388@gmail.com, Қазақстан, Алматы қ.

Information about the authors

Orynbayeva D.G. – The Corresponding Author, PhD Doctoral Student, Abai Kazakh National Pedagogical University, e-mail: diyori_93@mail.ru, Kazakhstan, Almaty.

Satemirova D.A. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, e-mail: dariga-sat@mail.ru, Kazakhstan, Almaty.

Turgunov Ye.S. – Researcher of the Eurasian Research Institute of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, e-mail: erkinbek230388@gmail.com, Kazakhstan, Almaty.

Сведения об авторах

Орынбаева Д.Г. – автор-корреспондент, PhD докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, e-mail: diyori_93@mail.ru, Казахстан, г. Алматы.

Сатемирова Д.А. – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, e-mail: dariga-sat@mail.ru, Казахстан, г. Алматы.

Тургунов Е.С. – научный сотрудник Евразийского научно-исследовательского института Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, e-mail: erkinbek230388@gmail.com, Казахстан, г. Алматы.